# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 26 шілде № 4360-23-00-2/1456 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қайсар» Қызылорда облыстық футбол клубы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖАУАПКЕР**:
«Акжол» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Рустам Калмжанович Кабдрахимов

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы «Қайсар» Қызылорда облыстық футбол клубы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Акжол» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Рустам Калмжанович Кабдрахимовқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Акжол» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Рустам Калмжанович Кабдрахимов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Акжол» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Рустам Калмжанович Кабдрахимовтан талап қоюшы «Қайсар» Қызылорда облыстық футбол клубы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің

пайдасына 24 667 (жиырма төрт мың алты жүз алпыс жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және 740 (жеті жүз қырық) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Акжол» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Рустам Калмжанович Кабдрахимовтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы «Қайсар» Қызылорда облыстық футбол клубы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 985 (тоғыз жүз сексен бес) теңге артық төленген мемлекеттік баж кері қайтарылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 02.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.09.2023, судья Әбілқайысқызы А., 12.09.2023

4360-23-3-1/1576